



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ



ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ
«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
РЕФОРМАНЫ ҚОЛДАУ»
ЖОБАСЫ



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
PRI ӨКІЛДІГІ



ЕҚЫҰ-НЫҢ
АСТАНАДАҒЫ ОРТАЛЫҒЫ



БҰҰ
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Бітімгершілік – Примирение» тақырыбына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
(қылмыстық және азаматтық процестерде)**

Ұ С Ы Н Ы М Д А Р

Астана, 2013 жылғы 18 маусым

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар қоғамдағы жанжалға бейімділік деңгейін төмендету жөнінде тиісті ұсыныстар тұжырымдау, құқықтық мәдениетті арттыру, дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, оның ішінде медиацияны кеңінен қолдану, соттар қарайтын қылмыстық және азаматтық істерді қысқарту мақсатында,

көтерілген мәселелердің маңыздылығын және өзектілігін
атап көрсете отырып,

шетелдердің бітімгерлік рәсімдерін енгізу жөніндегі оң тәжірибесін **назарға ала отырып,**

қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажеттігін **атап көрсете отырып,**

ҰСЫНАДЫ:

«Бітімгерлік – примирение» жобасының тұжырымдамасы (*қылмыстық және азаматтық процестерде*) шеңберінде бірқатар заңнамалық және ұйымдастыру шаралары қабылдансын.

ЗАҢНАМАЛЫҚ ШАРАЛАР

Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс шеңберінде мыналар ұсынылады:

I. Қылмыстық процесте

1. Қылмыстық кодекс

✓ тараптардың бітімге келуіне байланысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту немесе оны тоқтату туралы сотқа дейін де, сондай-ақ сотта да шешім шығарылуына байланысты адамдарға қатысты құқықтық салдарлар біріздендірілсін.

2. Қылмыстық іс жүргізу кодексі

✓ бітімгершілік келісімін жасаудың тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері және бітімгерлікке қол жеткізу шарты, келтірілген зиянның тігісін жатқызу нысандары, мерзімдері және тәсілдері, қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамның бітімгершілік келісімінің шарттарын орындамаған жағдайда іс бойынша іс жүргізуді жоюдың және қайта қозғаудың мүмкіндіктері айқындалсын;;

✓ қылмыстық процесті жүргізуші орган тараптардың бітімгерлікке келуі үшін жағдай жасасын;

✓ басты сот талқылауына дайындық шеңберінде соттарды сот аяқталғаннан кейін тараптарды бітімгерлік туралы шешімді растай немесе одан бас тарта отырып қайта шақыру бойынша белгілі бір мерзім беруді міндеттейтін ереже көзделсін;

✓ тараптарға бітімгерлік құқығы, ақталмайтын негіздер бойынша іс қозғаудан немесе оны тоқтатудан бас тартудың салдарлары туралы түсіндіру туралы хаттама мазмұнына нақты талап белгіленсін.

3. «Медиация туралы» Заң

✓ медиативтік келісімнің шарттарына сәйкес медиаторға ақы төлеуді айыпталушыға жүктей отырып, жәбірленушіні одан босатудың мүмкіндігі көзделсін.

II. Азаматтық процесте

1. Азаматтық іс жүргізу кодексі

✓ азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, әріптестік іскер қатынастарды орнықтыруға және дамытуға, дауларды бейбіт реттеуге жәрдемдесу – дербес міндеттер ретінде айқындалсын;

✓ сотқа дейін міндетті түрде реттелуге жататын даулар тізбесі кеңейтілсін. Олардың қатарына мыналар жатқызылсын: салық және кеден органдарының хабарламасына шағымдар, кәсіпкерлер арасындағы даулар, тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша және азаматтар арасындағы шарттар бойынша, банктік, сақтандыру, неке-отбасылық, коммуналдық жәнетұрғын үй даулары;

✓ өкілдің міндетті түрде жоғары заң білімі болуын белгілей отырып, азаматтық істер бойынша кәсіби өкіл институты енгізілсін;

✓ кәсіби өкілдің тегін көмегін мемлекет есебінен алу рәсімі оңайлатылсын;

✓ коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынғаны үшін берешекті өндіріп алу туралы істер және берілген ақша сомасын индекстеу туралы талаптар есебінен бұйрықпен іс жүргізу саласы кеңейтілсін;

✓ прокурордың қатысуы міндетті азаматтық істер тізбесі қысқартылсын;

✓ істі сот талқылауына дайындауды пайдалану дауларды бітімгершілікпен шешу үшін тұғырнама ретінде көзделсін;

✓ істі сот талқылауына дайындау сатысында тараптардың ақпаратты толық ашу қағидаты енгізілсін;

✓ қарсы талап қою уақыты қысқартылсын. Бірінші инстанциядағы сот шешімі жойылған жағдайда жауапкерге апелляциялық инстанцияға қарсы талаппен жүгіну құқығы берілсін;

✓ дәлелдемелерді арақашықтықта зерттеу енгізілсін және процеске қатысушылардың түсіндірулері сотта қазіргі заманғы байланыс құралдарының көмегімен олардың болған немесе тұратын жерлерінде тыңдалсын;

✓ «Бітімгерлік рәсімдері. Бітімгершілік келісім» деген жеке тараумен толықтырылсын;

✓ сот бітімгері институты көзделсін. Оның мәртебесі, өкілеттігі және тағайындалу тәртібі айқындалсын;

✓ бітімгерлік рәсімінің мақсаттары мен міндеттері, оның түрлері (*бітімгершілік келісім, медиация, делдалдық*), қағидаттары мен өткізу мерзімдері айқындалсын.

2. Салық кодексі

✓ даулардың санатына қарай сотқа жүгінгені үшін мемлекеттік баждың мөлшерлемесі ұлғайтылсын. Әлеуметтік сипаттағы құқықтарды қорғау туралы талаптар үшін ерекшелік көзделсін;

✓ кассациялық шағым беруге мемлекеттік баж мөлшерлемесі енгізілсін;

✓ бітімгершілік келісім жасалған кезде және талап ерікті түрде қанағаттандырылған жағдайда талаптан бас тарту кезінде мемлекеттік бажды қайтару рәсімі регламенттелсін;

✓ кеден органдарының хабарламасына арналған шағымдар бойынша мемлекеттік баж мөлшерлемелері салық даулары бойынша қолданыстағы мөлшерлемелерге сәйкес келтірілсін.

3. «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Заң жобасы

✓ Адвокаттардың азаматтық істер бойынша мемлекет есебінен тегін заң көмегін көрсету рәсімі егжей-тегжейлі регламенттелсін.

4. Адвокаттық қызмет туралы заң. Адвокаттардың кәсіптік этикасының кодексі

- ✓ азаматтық құқық қатынастары саласында адвокаттың негізгі міндеттері ретінде клиенттің заңды мүдделерін қорғау мен дауды ол үшін шығынын азайту арқылы шешудің сындарлы тәсілін іздестіруді айқындау;

- ✓ тараптардың татуласуына кедергі жасағаны үшін жауапкершілік көздеу.

5. Мемлекеттік сатып алулар туралы заң

- ✓ өнім беруші міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқық жауапкершілікке тарту туралы заңды күшіне енген сот актісінің негізінде жосықсыз деп танылатынын көздеу;

- ✓ осындай шешімді сотқа шағымдану құқығын көздей отырып, уәкілетті органның құзыретіне өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуын беру.

6. Үкіметке

Правительству рассмотреть вопрос законодательного закрепления обязательности досудебного рассмотрения:

- ✓ салық және кеден дауларын - тәуелсіз алқалы құрылымның;

- ✓ банктік және сақтандыру дауларын - өздері реттейтін құқық қатынастарының аясын кеңейте отырып, тиісті омбудсмандардың;

- ✓ тұрғын үй және коммуналдық дауларды – жергілікті атқарушы органдар жанындағы комиссиялардың сотқа дейін қарау міндеттілігін заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесін қарау.

III. Медиацияны дамыту

1. Қылмыстық іс жүргізу кодексі

- ✓ жеке айыптаудан өту тәртібімен сотқа шағыммен жүгінетін адамдар үшін сотқа дейінгі медиация рәсімінің міндеттілігі белгіленсін;

- ✓ медиация жүргізген кезде олардың медиаторлармен кездесу құқығын қоса алғанда, қамауда ұсталған адамдардың қатысу мәселесі ретке келтірілсін.

2. Азаматтық іс жүргізу кодексі

- ✓ даулардың жекелеген санаттары бойынша медиаторға міндетті түрде алдын ала жүгінуін белгілеу;
- ✓ медиация ескертпесі сақталмаған кезде талап арызды сотқа қайтару міндеттілігін енгізу;
- ✓ соттан тыс жасалған медиация келісімін мәжбүрлеп орындауға келтіру тәртібін реттей отырып, «Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді орындау» туралы тараумен толықтыру;
- ✓ тараптардың татуласуына кедергі жасағаны үшін өкілдің жауапкершілігін көздеу.

2. Еңбек кодексі

- ✓ персоналды дауларды шешудің баламалы әдістеріне оқытуды қосқанда, жұмыс берушінің өзіндік тартыс-менеджмент жүйесін құру және қаржыландыру міндетін көздеу.

3. «Медиация туралы»

- ✓ медиация ескертпесінің заңдық күшін бекіту;
- ✓ медиаторға алдында міндетті түрде жүгінетін даулардың санатын айқындау;
- ✓ кәсіпқой медиаторларға медиация рәсімін басталғанын және тараптардың татуласуы мүмкін еместігін растайтын құжаттарды беру нысаны мен тәртібін белгілеу.

4. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заң

- ✓ әділет органдарын медиация рәсімі аяқталғанға дейін нақты мүлік бойынша даудың (талаптың) болуы туралы арызды тіркеуін міндеттеу.

5. «Атамекен» ұлттық экономикалық палата

- ✓ Кәсіпкерлердің арасындағы және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі дауларды Ұлттық палатаның сотқа дейінгі реттеу тәртібін айқындайтын заң жобасын әзірлеу.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

I. Қылмыстық процесте

1. Бас прокуратураға сотқа дейінгі сатыда тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық істерді қысқарту тәртібі туралы Бас Прокурордың Нұсқауын әзірлеу.

2. Бас прокуратура Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен, Ішкі істер министрлігімен бірлесіп:

✓ Мазмұны түсіну үшін қол жетімді және бірдей болуы, ал нысаны айыптау органдарының лауазымды тұлғаларының тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің бой алуын болдырмау үшін тараптарға татуласуға құқықтарын түсіндіру туралы хаттаманың үлгісін әзірлеу;

✓ бітімгерлік келісімраз хаттамасының жобасын әзірлеу;

✓ екі өлшемнен тұратын қылмыстық ізге түсу органдарының жұмыс істеу тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін енгізу:

«нәтижелілік» - қылмыстарды ашу, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау, оны ҚІЖК-нің 280-бабындағы тәртіппен прокурорға жіберу немесе татуласуды қосқанда, ақтамайтын негіздер бойынша қысқарту;

«тиімділік» - іс жүргізу шығындарын азайта отырып, жәбірленушінің құқықтары мен мемлекеттік мүдделерін қорғау және қалпына келтіру.

II. Азаматтық процесте

1. Үкіметке

✓ - Кәсіпкерлердің ұлттық палатасында;

- салық және кеден апелляциялары бойынша дауларды баламалы шешу құрылымын жасау;

✓ бизнес субъектілерін дауларды баламалы шешу туралы ескертпелерді коммерциялық келісімшарттарға қосуға бағдар беру (*аралық сот, халықаралық коммерциялық төрелік, медиация, корпоративтік омбудсмен арқылы*).

Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдеріне

✓ тұрғын үй-коммуналдық дауларды соттан тыс шешу құрылымын құру.

III. Медиацияны дамыту

1. Үкіметке

✓ кәсіпқой медиаторларды даярлау бағдарламасын қайта қарау;

✓ мектептерде және жоғары оқу орындарында (ең алдымен заңгерлік, экономикалық ЖОО-да) дау-жанжалды шешу жөніндегі арнайы курстарды, бағдарламалар мен тренингтерді енгізу;

✓ болашақта жоғары білім беру жүйесінде медиаторларды даярлауды көздеу;

✓ әділет органдарында медиаторлардың қызметін талдау және мониторинг жүргізу функциясын жүктеу.

2. Әділет министрлігіне

✓ адвокаттарға сотта клиенттің мүддесін қорғаудан ол үшін дауды шығыны аз болатындай етіп шешудің сындарлы тәсілін іздестіруге бағыт беру;

✓ олардың қызметін үйлестіру, оқыту, медиацияның жекелеген санатты мен түрлері бойынша ұсынымдар мен әдістемелер дайындау, шетелдік оң тәжірибені талдау және тарату үшін бірыңғай республикалық медиаторлар қауымдастығын құру.

2. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті медиаторлар шешкен даулардың бірыңғай статистикалық есебін жүргізу.

3. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдеріне

✓ кәсіпқой емес медиаторларды қалыптастыру үшін ардагерлер ұйымын, халық арасында сенім мен құрметке бөленген адамдарды, құқық қорғау органдарының ардагерлерін, отставкадағы судьяларды тарту;

✓ кәсіпқой емес медиаторларға жәрдемдесу және ұйымдық-техникалық қолдау көрсету;

✓ мүмкіндігінше медиаторлардың кабинеттерін сот ғимараттарына жақын не тікелей орналастыру.
